

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 тамызда № 15488 болып тіркелді.

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2013 жылғы 23 қазандығы № 827 бүйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8938 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2014 жылғы 8 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2017 жылғы 13 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 407 бұйрығымен
bekітілген

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары

1. Осы "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Қағидалар "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін (бұдан әрі – жұмыс өтілі) есептеу тәртібін және шарттарын айқындайды.

2. Мамандық бойынша жұмыс өтіліне ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорындарының және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, басқа ұйымдарда сол мамандықпен істеген барлық жұмыс уақыты кіреді, сондай-ақ:

- 1) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болу;
- 2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, Қарулы Күштерде, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармалары органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында офицерлік құрамдағы адамдардың, прaporщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс және мерзімдік әскери қызметтегі әскери қызметшілердің міндетті әскери қызметін өткерген;
- 3) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткерген;
- 4) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы (салық полициясы (милиция), мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның және ТМД-та қатысушы мемлекеттердің, бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің органдарындағы офицерлер, басшы және қатардағы жауынгерлер құрамының лауазымдарындағы, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағындағы сот аппаратында жұмыс істеген;
- 5) еңбек сінірген жылдары үшін үстемеақы алғын құқық беретін лауазымдардағы жұмысы, сот органдарындағы, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының соттарында, прокуратура органдарында, ішкі істер органдарында, КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген;
- 6) КСРО Мемлекеттік банкі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесінде сол мамандықтар бойынша жұмыс істеген;
- 7) жүкті болу және бала тууға байланысты демалыс, сондай-ақ баланы күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес берілетін демалыс уақыты;
- 8) егер шетелге жіберер алдында қызметкер мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істеген болса және көшу уақытын қоспағанда, шетелден қайтып келген күнінен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік кәсіпорынға қызметке тұрса, сол мамандық бойынша шетелде жұмыс істеген;

9) егер қызметкер курсқа түсkenге дейін мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істесе және бітірген соң кәсіпорынға қайта оралса, оның кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік кәсіпорындар жолдамасымен жұмыстан қол үзіп өкýған;

10) мамандық салалары бойынша ұйымдардағы ғылыми жұмыс;

11) заңсыз жұмыстан шығару және кейін жұмысқа қайта орналасудағы мәжбүрлі жұмыста болмау;

12) Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, мәслихат депутатының өкілеттіктерін жүзеге асыру;

13) оның еңбек қызметі өткен қызмет саласы мен ұйымдастыру құқықтық-нысанына қарамастан мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындардағы және басқа да ұйымдардағы басшылық лауазымындағы жұмысы.

3. Осы Қағидаларға сәйкес есептелеғін мамандық бойынша жұмыс өтілі күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

4. Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын көбейту құқығы туындаған қызметкерлерге, жұмыс өтілін ескере отырып, лауазымдық жалақысын есептеу осындай құқық туындаған күннен бастап жүзеге асырылады.

5. Мамандық бойынша жұмыс өтілін құрамын ұйым басшысы бекітетін комиссия анықтайды.

Мамандық бойынша жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнен көшірмелер екі данада жасалады және бір данасы кадр қызметіне немесе кадр мәселелері бойынша жауапты қызметкерге, екіншісі - бухгалтерияға беріледі.

6. Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған не нотариат растаған қызмет ету тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді-көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан мәліметтер;

8) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК